

## **Тақырыбы: Сіз сұраңыз – біз жауап береміз**

### **Мақсаты:**

1. Жасөспірімдердің қоғамдағы, ата - ана алдындағы міндетін, жауапкершілігін кеңінен дәріптеу.
2. Жасөспірімдер мен ата – ана арасындағы қарым – қатынастың нығаюына ықпал жасау.
3. Негізгі тұлғаның өз өміріндегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниесінің күрделі құрылымын түсіну және өзін - өзі тану арқылы дара тұлға ретінде өзін үздіксіз бірқалыпты қалыптастыруға баулу.

### **Барысы:**

#### **Мұғалімнің кіріспе сөзі**

Жасөспірімдік жас – сындарлы жастық кезең. Осы кезеңде адам өзінің ішкі жан дүниесіне алғаш рет үңіліп, онда болып жатқан өзгерістерді түсіне бастайды, алайда өзгерістердің себептері түсінікті бола бермейді. Сондықтан да жасөспірімдік жас дағдарысының физиологиялық және психологиялық мәнін сезіне отырып, оған қолдау мен көмек көрсетуге тура келеді.

Ол сыртқы ортамен үлкен қызығушылықпен танысады, өзінің қиялы мен эмоциясын қосады. Ал жасөспірімдік дағдарыс кезеңінде бала өзінің жан - дүниесіне назар аударып бастайды, іштегі толқуларына қызығушылықпен қарап, айналасындағы адамдар арасында өз дәрежесі мен өзінің бірегей болмысын білгісі келеді.

Жасөспірімдік жас – барлық салаға өзгерістер әкелумен қатар, денсаулықта да өзгерістер байқалады. Балада физиологиялық, психологиялық өзгерістер орын алады. Осыдан құқық бұзушылықтар пайда болады.

#### **Сұхбат бөлімі:**

1. Жасөспірім жауапкершілігіне ата - ана ретінде ықпалыңыз қандай?

Жауап тыңдалады

2. Баланызбен өз жас ерекшелігіне қарай еркін ашық әңгімелесіңіз бе?

Жауап тыңдалады

3. Қазіргі уақытта жас балалардың түнде көшеге шығуы кездеседі. Осыған қандай шаралар қолданасыздар?

Жауап тыңдалады

4. Қылмыс жасағаны үшін жасөспірімдерге қандай жазалар қолданылады?

5. Жол қауіпсіздігі дегеніміз не?

Жауап тыңдалады

6. Жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуді кімдер ұйымдастырады?

Жауап тыңдалады


7. Құқық бұзушылық дегеніміз не?

Жауап тыңдалады

8. Ереже талабын бұзғандарға қандай жаза қолданылады?

Жауап тыңдалады

9. Біреуге жала жапқан сөзі үшін жауап бере ме?



Ситуациялық жағдайларды шешу.

Көшедегі көрініс

Абылай: Шыңғыс бүгін Камалдың баласының тойы ғой, білесің бе?

Айбек: Ия, ия, айтпақшы Дамирлер бүгін жиналайық, той қызықтаймыз деген. Саған хабарласқан жоқ па?

Абылай: Жүр, ендеше солай қарай барайық, бар қызықтан құр қалармыз.

Айбек: Кеттік, жолшыбай Ердосқа соға кетейік, ол да барар мүмкін.

Абылай: Ердос, біз той болып жатқан жерге бара жатырмыз. Балалар да сол жақта жүр, бізбен бірге жүрсеңші.

Рүстем: Жоқ, мен әуелі ата-анама ескертуім керек, әйтпесе алаңдайтын шығар.

Абылай: Ту, ата-анаңа ескертіп не істейсің, біз секілді айтпай кетіп қалмайсың ба, сұрансаң, жібермей қояды.

Рүстем: Жоқ, балалар, мені жібермейді, бара алмаймын. Ол жақтан ішімдік ішкен адамдар кездесіп, бір нәрсеге душар болармыз.

Абылай: Онда өзің біл, ертең «көп қызықтан қалдым» - деп өкініп жүр ме!

Айбек: Осы кезден бастап көшеге үйрене бермейсің бе?

Құрметті оқушылар, қонақтар осы жағдайға байланысты сіздердің пікірлеріңізді білсек.

Өмірің болсын десең сенің сәнді

Ойланып, айналаңа қара мәнді.

Адам бол! Білімі тасқан, өнері асқан

Өзіңе сүйсіндірер басқа жанды.

Салауатты мақсатың - өмір сүру,

Өмірдің мағынасын керек білу.

Ішімдік, нашақорлық сенің жауың

Пайдасы сол – бұл жолдан аулақ жүру.

Келген қонақтар мен заң қызметкерлеріне алғысымызды білдіре отырып, бүгінгі кездесуімізді аяқтаймыз.

Сау болыңыздар!